



БЕДЕЛІ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ



2

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫНДАҒЫ АҚ ЖЕЛКЕН



3

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ «АСТАНА» ОБРАЗЫ



4

ЕЛОРДА ТОЙЫ – ЕЛДІКТИҢ ТОЙЫ



6

YNTYMAQTASTYQ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Қызылорда облысына іссапармен келді. Үкімет басшысының бірінші орынбасары сапар барысында «Роскосмос» корпорациясының директоры Дмитрий Rogozinмен кездесті.

САЛАНЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин мен «Роскосмос» корпорациясының директоры Дмитрий Rogozinнің кездесуінде ғарыш саласын дамыту және Байқоңыр қаласын бірлесіп пайдалану мәселесі талқыланды.

Кездесуде Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев «Байқоңыр» кешеніндегі Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығына қатысты бірнеше ұсыныс енгізді. Осы күні «Қамбаш» туристік аймағы мен «Байқоңыр» ғарыш аймағында облыста туризмді дамытуға бағытталған жобалар таныстырылды. Сірде ғарыштық туризмді дамыту мақсатында «Байқоңыр» ойын-сауық, туристік аймағын қалыптастырудың тұжырымдамасы дайындалған болатын. Бұл өз кезегінде өңір туризмін өрістетуге үлес қоспақ.

ҮКІЛІ ҮМІТ

БІР ҮЙДЕГІ ҮШ «АЛТЫН»

Қызылорда қаласында үш бірдей «Алтын белгі» иегері шыққан отбасы тұрады. Олардың кішісі биыл ғана мектеп бітірді.



«Алтын» балалардың анасы Мейрамкүл Әміржанова 28 жылдан бері А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектепте математика пәнінен сабақ беріп келеді. Әкесі Бақытжан Досжанов облыстық сот әкімшілігінде еңбек етеді. Екеуінің тәлім-тәрбиесін көрген ұл-қыздар әрдайым білімге талпынып, биікке ұмтылып жүреді. Балаларының үлкені Гүлжайна – №211 орта мектептің 2010 жылғы түлегі. ҰБТ кезінде жоғары балл жинап, Алматы энергетика және байланыс университетіне оқуға түсіп, оны да үздік бағамен тәмамдады. Одан кейін Ресейдегі Томск мемлекеттік басқару жүйесі және радиоэлектроника университетінің магистратурасында білімін жетілдірді. Қазіргі күні Гүлжайна – Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің оқытушысы. Гүлжайм да әкесінің жолын қуып, №43 орта мектептегі

оңтүстік факультетіне оқуға түсіп, оны да үздік бағамен тәмамдады. Одан кейін Ресейдегі Томск мемлекеттік басқару жүйесі және радиоэлектроника университетінің магистратурасында білімін жетілдірді. Қазіргі күні Гүлжайна – Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің оқытушысы. Гүлжайм да әкесінің жолын қуып, №43 орта мектептегі

Назерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы».

ARAL BALYQSHYLARY SLETI QARSAŃYNDА

АТАКӘСІП АЛҒА БАСТЫ

Жақын күндері өңірде балықшылардың IV слеті өткелі отыр. Талай жылдан бері ұмыт бола бастаған игі бастама 2015 жылы қайта жанданған болатын. Оған жыл сайын еліміздің әр аймағынан су маржанын сүзген балықшылар қатысып келеді. Ауқымды шара шаруалардың өзара тәжірибе алмасуына жол ашады.



Кіші Аралды сақтап қалу мақсатында дүниеге келген САРАТС жобасының алғашқы кезеңі жалпы, Арал теңізін жағалай қоныстанған халықтың әл-ауқатын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға қана қоймай, тоқырауға ұшырай бастаған балық шаруашылығына дем берді.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметіне сүйенсек, өткен

жылы 3410 тонна Сыр балығы Ресей, Польша, Грузия, Әзербайжан, Дания, Германия мен Өзбекстанға жөнелтілсе, биыл 6 ай ішінде 2440 тонна су маржаны экспортқа шығарылды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, экспорт көлемі 25 процентке артып отыр. Биыл балық өнімі жөнелтілетін мемлекеттердің қатарын Голландия және Қытай толықтырды. Экспортқа көксерке субесі, қатырылған және тоңазытылған тарта, та-



бан балықтары шығарылып келеді. Балық өңдеу саласында да айтарлықтай жұмыс атқарылууда. Осы күні облыста 8 балық өңдеу зауыты бар, оларда 500-дей адам маңдай терін төгіп, нәпақасын тауып жүр. Балықшылар, балық өңдеу зауыттарының жұмысшылары, тасымалдаушы, сатушыларды қоса есептегенде аймақта 3 мыңдай адам аталған салада еңбекпен қамтылған. Мысалы, 2013 жылы 4 зауытта

шамамен 80-100 адам жұмыс істесе, қазіргі күні мұндай кәсіпорындар саны еселеніп, көрсеткіш 500-ден асты. Биыл Арал қаласының индустриялық аймағынан «Аквакультура ЛТД» ЖШС тағы бір балық өңдеу зауытын салып жатыр. Аталған нысанды жыл аяғына дейін іске қосу жоспарланған. Сол кезде қосымша 50-60 адамға жұмыс табылады. Айта кетейік, балық өңдеу зауыттарының барлығы еуропалық сапа талаптарына

жауап береді. Бүгінгі күні облыста тауарлы балық өсіретін 10 шаруашылық жұмыс істеп тұр. Былтыр олар 107 тонна тауарлы балықты нарыққа шығарды. Ал биыл бұл жежені 130 тоннаға жеткізу көзделген. Теңіздің тірлігімен жанданып сала берген атақәсіпті алға жылжыту бағытындағы мұндай шаралар жалғаса түспек.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.



Мемлекет жылма-жыл ауыл шаруашылығын қолдау жұмыстарына, соның ішінде мал бағын асылдандыру, көбейту ісіне көңіл бөледі. Соның арқасында өңірімізде мал шаруашылығы бағытындағы кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Көптеген шаруа қожалықтары құрылып, ет, сүт бағытында жұмыстарын дөңгелентуде.



АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

Осы орайда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындары «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы шағын несие алып, шаруасын жүргізіп келеді. Соның бірі Қармақшы ауданы, Қуандария ауылының тұрғыны – Болат Бөгетов. Кәсіпкер өткен жылы «Олжа» шаруа қожалығын құрды. Қазіргі таңда қожалықта 100 жылқы, 130 ақбас сиыр мен 5 бұқа бар.

Бұдан бөлек, 45 бас ірі қара ет бағытында күтімге алынған. – Қожалықты құрмас бұрын қора-жайды қамдап алдым. Қазақтың ақбас тұқымды сиырын Батыс Қазақстан облысынан әкелдім. Кәсіпкерлер үшін көмектің үлкені жеңілдетілген несие екені белгілі. Өткен жылы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» 19 млн теңге алдым. Алда атқарылар іс көп, – дейді кәсіпкер.

Қожалықта 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпкер келер жылдан бастап егін екпек. Ол үшін қажетті техника мен саймандарын түгендеп жатыр. Сонда малға қажетті жем-шөпті сатып алмайтын болады. Бұдан бөлек, 150-200 басқа арналған бордақылау алаңы мен ет өндіру цехын іске қосу жоспарда тұр. Сонымен қатар ет-сүт бағытындағы «Мұғалжар» тұқымды жылқы шаруашылығын да жолға

қоймаққа талаптануда. Қыстық-жаздық қораларды көбейтіп, әрбір істі кезең-кезеңімен орындауды қолға алып отыр. Кәсіпкердің айтуынша, қожалық кеңейген кезде тағы да 20-дан астам адамды тұрақты жұмысқа алады. Елімізде сиырдың ең көп тараған етті тұқымды түрі – қазақы ақбас сиырлар. Бұл тұқым түрі аптап ыстық пен аязға төзімділігімен, майды тез жинауымен ерекшеленді.

Еттің дәмдік қасиеттері сапалы, ағылшын етті тұқым түрлерінен еш кем емес. Тек күтiмi жақсы болуы тиіс. Төрт түлігін төскейге өргізіп, ырық-несібесін малдан тапқан Болат Бөгетов болашақта етті бағыттағы асылтұқымды мүйізді ірі қараның санын одан әрі көбейтіп, шаруа қожалығын ұлғайтақ ниетте.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

EKSPORT

ЖАЙЫЛМА ҚАРБЫЗЫ – РЕСЕЙ НАРЫҒЫНДА

Жаңақорғанның брендіне айналған Жайылма қарбызының биылғы өнімі де диқандар көңілінен шығып отыр. Ала жаздай тәтті өнімді баптаған шаруалар қарбыздың алғашқы легін Ресейге жіберді. Қазақстанмен қатар көршілес Ресейде де сұранысқа ие өніммен биыл алғашқы болып Челябинск қаласының тұрғындары дәм тататын болды. Егіс басына келіп, диқандармен тілдескен аудан әкімі Ғалым Әміреев олардың жұмысына сәттілік тіледі. Жайылманың қарбызын жинау

әлі де жалғаса беретінін айтты. Диқандар да биылғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан, жергілікті өнімді дер кезінде тұтынушыға ұсыну үшін барын салды. Дәрісіз, барлық талаптарды сақтай отырып өсірілген Жайылма қарбызының бағасы шаруаға да, сатып алушыға да тиімді. Алғашқы легі Ресейге жөнелтілген Жаңақорған бренді еліміздің түкпір-түкпіріне де жеткізілетін болады.



SUNBAT

Қылышбай Алдабергелулы, заманға сай білім беру үрдісі қалыптасқан еліміздегі іргелі оқу орны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырамыз...

Университетіміз 2018 жылы Қазақстанның үздік ЖОО Ұлттық рейтингі қорытындысы бойынша (НАОКО рейтингі) жоғары 9-орыннан көрінсе, Еуропа және Орта Азия елдері университеттерінің 2900-ден астам ЖОО-лары арасында 2018 жылдың ақпан айында Үздік 300 университет тобына енді. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақтың «Признание» халықаралық сыйлығына ие болды. Сір өңіріндегі іргелі білім ордасының негізі қаланғанына 80 жыл толуы республикалық деңгейде аталып өтті.

Бұл жетістіктер - университет ұжымының 2011-2012 оқу жылынан бастап алынған сараланған бағдарламаларының, сындарлы қадамдарының, жүйелі де жоспарлы жұмыстарының лайықты нәтижесі. Мақсатты жүргізілген білім беру саясатының, қаржыландыру мен ғылымды басқарудың жаңа формаларын ендіруі арқасында университет жыл сайын жаңа белестерді бағындырып келеді.

Аталған уақыттан бастап университетті инновациялық технологиялар мен жаңа басқару қағидалары негізінде мамандар даярлайтын инновациялық-кәсіпкерлік типтегі жоғары оқу орнына айналдыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 2012-2016 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары жасалып, толық орындалды. Бүгінде 2017-2021 жылдарды қамтитын даму жоспары жүзеге асырылуда.

2013-2014 оқу жылынан бастап бүгінге дейін университеттің бакалавриат, магистратура және докторантурасының (PhD) 80 білім бағдарламасы Білім сапасын қамтамасыздандыруға тиімді қазақстандық агенттігінің мамандандырылған аккредитациясынан, 2015 жылғы ақпан айында университет мемлекеттік аттестациядан табысты өтті.

2012 жылдың 20 наурызында тұңғыш рет 9 мамандық бойынша PhD докторантура ашылды. Университет ғылыми және ғылыми-техникалық ұйым ретінде 2 рет аккредиттенген (2012, 2018 жылдары) 2015 жылдың 28 сәуірінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізуіне арналған мерзімі шектеусіз мемлекеттік лицензиясы ие болды.

Бүгінгі талап - ғылым мен өндірісті бір арнада тоғыстыру екендігі белгілі. Осы арнада университеттің ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруы қай деңгейде?

Ғылыми-зерттеу жұмыстары 2012 жылдан бастап ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде жүргізілуде. Нақты айтқанда: 2012-2014 жылдары - 10 гранттық жоба, 2015-2017 жылдар аралығында 4 жоба жүзеге асырылып, қазіргі күні 2018-2020 жылдарға арналған 9 жоба орындалуда. Мұндай көрсеткіштер университет тарихында бұрын-соңды болмаған. 2011

жылы инновациялық жобалар каталогы әзірленуі нәтижесінде кәсіпорындармен және бизнес-құрылымдармен өзара тиімді ынтымақтастық жолға қойыла бастады. 2017 жылы ғалымдардың жаңа жұмыстарынан тұратын ондай каталогтың екінші шығарылымы жарық көрді.

2012-2017 жылдары университет ғалымдары 80-ге жуық патент алды, 60-тан астам монография,



БЕДЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

бірнеше мың ғылыми мақалалар жариялады. Халықаралық рецензияланатын журналдарда, импакт-факторы нөлден жоғары шетелдік басылмаларда - 600-ден астам ғылыми мақала жарық көрді. 15 ұстаз-ғалымдарымыз «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Университет жанында 2008 жылы құрылған «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында шетелдік ғалымдармен бірлесіп, аймақтың шикізаттық ресурстары, экологиялық және экономикалық ерекшеліктеріне негізделген іргелі және қолданбалы зерттеулер орындалуда.

2011-2012 оқу жылында ашылған «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы, 2016-2017 оқу жылында ашылған «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы, «Мәңгілік Ел» ғылыми-әдістемелік орталығы және «Рухани жаңғыру» оқу-әдістемелік орталығы, сонымен қатар 2013 жылы ашылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының жанындағы «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залы Сір өңіріндегі тарихи-мәдени мұраларды түбегейлі зерттеуге, ұлт тарихын оқытуды және жастарға патриоттық тәрбие берудегі өзекті мәселелерді шешуге үлестерін қосуда.

Ғылым мен бизнестің ықпалдасуының маңызды ерекше екені белгілі. Бұл тұрғыда 2013 жылғы технологияларды коммерцияландыру орталығы, 2017 жылы Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп Аймақтық инновациялар офисі ашылды. Сондай-ақ, білім алушылар мен ғылыми

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауларында жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыруды тапсырып, еліміз бойынша біраз нәтижелі іс қолға алынды. Бұл бағытта аймақ білімінің қарашаңырағы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде де жүйелі жұмыстар бар. Тілшіміздің осы оқу орны ректорының міндетін атқарушы, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисеновпен сұхбатында беделі биік білім ордасындағы оң бастамалар жайлы тарата айтамыз.



қызметкерлердің өзі бизнес-идеялары мен инновациялық жобаларын іс жүзінде жүзеге асыруына мүмкіндік жасау мақсатында 2017 жылдың мамыр айында «Business-START» орталығы ашылды, онда бүгінгі таңда 22 жоба бойынша 75 студент өз кәсіптерін ашып, жұмыс жүргізуде.

«Үш тілде білім беру», «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда университет тарапынан қандай шаралар атқарылып жатыр?

Университет алғашқылардың бірі болып 2012-2017 жылдарға арналған көптілді білімді дамыту тұжырымдамасын жасады. Осы тұжырымдамаға сәйкес бағдарлама дайындалды. 2012-2013 оқу жылында бастап бакалавриаттың 4 мамандығы бойынша 1 курс студенттері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқи бастады. 2015-2016 оқу жылынан бастап 16 мамандықтың студенттері үш тілде білім алууда.

Университетте жасалған «Е-универ» электрондық университет жүйесі барлық құрылымдық бөлімдерінің жұмыстарына автоматтандырумен қатар, қашықтан оқыту технологиясы және ашық білім беру ресурстары арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруда. 2017 жылдың II тамызында халықаралық CISCO академиясының және Майкро-софт компаниясының, отандық «Казроботикс» компаниясының филиалдары ашылды. Университетте академиялық

ғылыми-педагогикалық қызметін 516 профессор-оқытушы, оның ішінде 20 ғылым докторы, 217 ғылым кандидаты, 16 PhD және 180-нен астам ғылым магистрі атқарады.

Ресей Федерациясының Мәскеу, Қазан, Орнбор қалаларына 2011 жылдан бері 25 аспирант, 54 магистрант жіберілді. Бір ғана Қазан қаласының жоғары оқу орнында 2013 жылдан бері 58 жас маман білім алды. Арнаулы қаржы есебінен оқуға жіберілген жас оқытушыларымыз магистрілік, PhD докторлық диссертацияларын табысты қорғап келеді. Бүгінде университеттің осындай 40-тан астам жас ұстаз-ғалымдары ұжымның профессор-оқытушылар құрамында білім сапасын көтеру мен жан-жақты білім алған тұлғалар тәрбиелеу ісіне белсене араласуда.

Бүгінде техникалық мамандықтарға сұраныс көп. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті нарық сұранысына сай жұмыс атқарып жатыр ма?

Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен 2013 жылғы 31 мамырда Қамқоршылық кеңесі құрылды. 2016 жылғы 9 шілдене Байқау Кеңесі жұмыс істей бастады.

Аймақ басшысы тарапынан университет ұжымына әрдайым қамқорлық көрсетіліп келеді. 2013 жылдан бастап жай сайын аймақтық білім, мұнай газ ісі, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы секілді түрлі салаларын қажетті мамандар

мен қамтамасыз ету және жастарды қолдау мақсатында облыс әкімінің білім гранттары бөлінуде. Бүгінгі күні университетте 428 студент облыс әкімінің білім гранты иегері атанды.

Университетте алдыңғы буын өкілдерінің де есімі мен еңбегін құрметтеудің жақсы үлгісі қалыптасқанын білеміз...

2012-2017 жылдары университетте 180-дей ғылыми іс-шара, оның 14 проценті халықаралық деңгейде, 34 проценті республикалық деңгейде өткізілді. Университет күшімен жүзге жуық ғылыми конференция жинақтары, монографиялар мен кітаптар жарық көрді. 2007 жылы аймақтағы бірден бір іргелі жоғары оқу орнының 70 жылдығына орай «Сір өліндегі іргелі білім ордасы» кітабы, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары» атты библиографиялық анықтамалық баспадан шықты.

Білім ордасының 75 жылдығына арналған «Біз - түлектеріміз», «Университет ақпарат айдынында (1998-2012 жж.)» жинақтарының бірінші шығарылымы және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті: Қалыптасуы мен даму жылдары» кітабы, үш тілде шыққан фотошежіре жарық көрді.

Көпсалалы университеттің өткен 20 жыл ішіндегі даму белестерін саралау нәтижесінде алда атқарылар жұмыстың жобалары жасалды.

Бірінші - өңір экономикасы салаларына мамандар даярлау. Қызылорда облысында қызмет ететін мамандардың басым көпшілігі (70-75 проценті) Қорқыт Ата университетінің түлектері.

Екінші - өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту ісіне аталысу. Университет қабырғасында дайындалып, қорғалған диссертациялар, дипломдық жұмыстар, жаңа мазмұндағы жобалар, ғылыми-зерттеу нәтижелері мен инновациялық жұмыстар өндірістің өзекті және практикалық маңызды проблемаларын шешуге елеулі ықпал етіп келеді.

Үшінші - аймақ халқын жұмыспен қамту. Біздің университет мыңнан аса адамды жұмыспен қамтып отырған жұмыс беруші.

Төртінші - өңірдің рухани-интеллектуалдық келбетін айқындау. Төл өнеріміз бен мәдениетіміз Қорқыт баба заманынан бастап алып, одан бергі ғасырларда дамып келеді. Бүгінгі күні университет ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өркениеттің туын биік ұстап, киелі қарашаңырақ ретінде белгілі болып отыр.

Бесінші - университет аймақта өтетін ғылыми іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу жұмыстарына белсене аталысуда.

Оқу орнының мәртебесін қысқа уақытта осылайша орнықтыру, таныту, мойындату - оңай шаруа емес. Ол - ұжым мүшелерінің бекем бірлігінің, қажыр-қайратының, терең ізденістерінің, төккен терінің, өз ісіне деген жауапкершілігі мен адалдығының жемісі.

Жоғарыда аталған жетістіктермен қатар алда тұрған жаңа міндеттер бар. Олар:

университеттің әлемдік QS рейтингіне белсене қатысуы;

оқу үдерісін ұйымдастыруда әлемдегі жетекші университеттер мен Назарбаев Университеті тәжірибелерін іске асыру;

студент-жастарды «Мәңгілік Ел» идеясының рухани-ізгілік құндылықтары негізінде тәрбиелеу;

студенттерді ағылшын, орыс тілдеріне үздіксіз оқыту және мемлекеттік тілді білу деңгейін жетілдіру;

оқу үдерісіне 3D-модельдер мен робототехниканы ендіру іс-шараларын жүзеге асыру;

ғалымдардың коммерцияландырылған және өндіріске ендірілген жобаларының санын көбейту;

докторантура бағдарламасы бойынша жаңа мамандықтарға лицензия алу;

тимді оқыту, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны одан әрі жетілдіру.

Университеттің білім беру қызметін заман талабына сай өркендету бағытында талай асу-ұрпаққа үлгі ету, оларға құрмет көрсету және жастарды Отанын сүйетін, парасаты биік, арына дақ түсімейтін тұлға ретінде тәрбиелеу.

Сір өліндегі ғылым мен білімнің қарашаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің алдағы жоспарлары мен бөліссеніз...

Сұхбаттасқан Ә. ЖҰМАДІЛДАҒҰЛЫ.

FORUM

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ - ЖАСТАР ЖОЛЫ

«Жастар синергиясы - бірлік энергиясы». Еселі Елорда төрінде өткен көшбасшылар Форумы осылай аталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйытқы болған бұл басқосуда қатысушылар рухани тың жоба арқылы елге жаңалық әкелуді ойлайтынын, жеті жұрттың тілін білген біздің жастар - әдебиет пен мәдениетке, төл тарихты тануға ұмтылыс жасайтынын жеткізді. Форум арқылы ең алдымен, «Рухани жаңғырудың» маңызы ашылғандай болды. Республиканың түпкір-түпкірінен келген 200-ге жуық делегат пен «Жаңғыру жолының» құрамындағы стартап жоба авторлары шараның мәніне терең бойлады. Тарқатып айтар болсақ...

Тайшысының кеңесшісі Кирилл Павлов заманауи ауыл шаруашылығында органикалық өнімдер өндіруге қолданылған инновациялық технологияларды таныстыра, жобаны әзірлеуші Дмитрий Корпанов «Ауыл - мемлекет тірегі» тақырыбындағы таныстырылым өткізді. «Жаңа шешім» білім қорының бас директоры Вячеслав Ким балаларға тіл үйретудің жаңа әдістемелерімен бөлісті. Ал «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Мәулен Бектурғанов бионикалық протездердің жасалу тарихы, табысқа жету жолындағы қиындықтары мен жетістіктері жайлы әңгімеледі. Бар жігерін білімге арнап, ғылымға ден қойған талантты жастың еңбегі нәтижесіз еместігін де айту керек.

Әр саланың формуласы әртүрлі. Мәселен, маған қол жеткізген жетістігім емес, соған жету жолында атқарылған жұмыс қызығарық. Адам алдына үлкен мақсат қояды. Соған қол жеткізген соң әрі қарай қайда барарын білмей қалады. Миллионерлердің көпшілігінің өмір тарихын қарасаңыз, осыны байқайсыз. Мақсат неғұрлым биік болған сайын, құлшыныс арта түсері анық.



Оңай келген нәрсенің қадірі болмайды. Сондықтан жұмыс процесінен ләззат алуға тырысу керек. Адам өзінің сүйікті ісімен айналысқанда ғана нәтижеге қол жеткізе алады. Сондай-ақ, қоғамда қазір көпшілік батыс мәдениетіне еліктеушілік қате деп таниды. Әр нәрсенің жақсы тұсы барын ұмытпаған жөн. Еуропада адамдар еркін ойлайды, адамның мүмкіндігін шексіз деп бағалайды. Осының арқасында олардың экономикасы да, әлеуеті де қаршытап дамуда. Бізге де еркіндік қажет. Ой еркіндігі. Бір сөзбен айтқанда, арманыңды іске асырудан қысылмау керек. Бұл форумды еліміздің әлеуметтік

жағдайын көтеру мақсатында жүзеге асытып жобалар ойлап табатын алаң деп білемін, - деді М.Бектурғанов. Әрі қарай «Business camp» алаңында бизнес өкілдері әлеуметтік жауапкершілік тақырыбында шеберлік сыныптарын ұйымдастырып, тыңдаушыларға табыстың шыңына көтерілу жолын көрсетті. «Болшак» бағдарламасының түлегі Әбуәліп Мүтәлі өрлеу - өмір өзегі болуы тиістігін алға тартып, «Бизнесті ең төменгі қаржы капиталмен қалай бастауға болады?» деген сауалға өз еңбек тәжірибесі арқылы, қиын, оңай жағын таразы басына сала отыра, жауап

берді. «Bolshak Engineering» компаниясының негізін қалаған ол шетелде оқып жүргенде қазақтың шұбатын Франция еліне жеткізіп, кәсіп бастаудың жолына кіріскенін де жасирмады. Мұхит асып, шетелде білімін жетілдірген қазақстандық қазір әлемдік STEM білім беруді өзмізде дамытып, робототехника сыныптарының ашылуына септесіп жүр.

Келесі кезеңде «Жаңа идеялар синергиясы» тақырыбын қамтыған стартап жобалардың көрмесі ұйымдастырылды. Жас инноваторлар мұнда өздерінің қызықты ұсыныстары мен бизнес өкілдерінің

қызығушылығын туғызды. Әсіресе, қарағандылық Вячеслав Литвиновтің CasteTech «Exoskeleton» - мүмкіндігі шектеулі адамдарды сапалы және қолжетімді оңалтумен қамтамасыз ету, Темірлан Жамсаптың «Soul Map» - науқастардың электрондық деректер қорын жасау жобалары қолдауға ие болды. Сырбойлық жастардың «Ақылды аялдамаға» қатысты жарқын жобасы да көпті таңғалдырды.

Форумның қорытынды бөлімінде «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Исламбек Сөлжанов бастаған кәсіпкерлер бірқатар стартап жобалардың авторларын марапаттады.

«Рухани жаңғыру» - жастардың жолы. Форумға келген республика жастарының осыны ұғынғаны қуантады. Мәселен,



20 жасқа келген Астанамызды дамыту жөнінде қаншама жоба жасаған 20 жастағы жас бар. Осы басқосу барысында да жастардан өте жаңа, өте қызықты идеялар ұсынылғанына қуаныштымыз. Барлық жобалар қажетті қолдауға ие болып жатыр. Мұны көрген сіздердің замандастарыңыз да осындай жетістіктерге талпынары сөзсіз. Сарапшылар кеңесі қоғам қайраткерлері мен кәсіпкерлерден құралғандықтан бүгінгі жеңіс өз қарамандарың тапты деп сенемін, - деді И.Сөлжанов.

Марапаттау рәсімінен кейін жастар ҚХА аясындағы сәндік-қолданбалы «Ұлы Дала маржаны - Астана» көрмесіне қатысушыларды қосметесі. «Жаңғыру жолы» қолданбалы өнер шеберлері өздерінің үздік қолданбалары қалған үлгілерді ұсынды. Бұл ретте жерлесіміз Ержігіт Қуантанның бұйымдары ҚХА-ның Алыс хатына ие болды. Шебер Нұржан Байжігіттің де әсем дүниелері көздің жауын алды.

Түс ауа қатысушыларға Қазақстанның жаңа тарихынан сыр шертер - ҚР Тұңғыш Президентінің мұражайын тамашалауға мүмкіндік берілді. Елордада бөі көтерген жаңа мейішті де болды. Жалпы, «Жаңғыру жолы» форумы республика жастарының басын қосып, бағытын бір арнаға бұрды. Жоғарыда айтқанымыздай, форумның мәні ашылып, маңызы айқындалды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, Қызылорда-Астана-Қызылорда.



MEREI

Асылы, кең-байтақ қазақ жерінің әрбір атырабы, әрбір ауылында кім бар десек, асыра айтқандық болмас. Сонау жетпісінші жылдары Қаратөре ауылынан жиырмадан астам ұшқыш қанат қақса, Сырдың бергі бетіндегі Бөген елді мекенінен ауыз толтырып айтарлықтай 25-ке жуық қаламгер шыққанын айтсақ жеткілікті болар. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қайсар қаламгер Зейнолла Шүкірөвтің ізін баса, осы ауылдың іргесіндегі «Қамау» атты кішкентай мекенде туып-өскен Сайлаубай ағамыз әдебиет көгіне ерте көтерілді. Біздің әдебиет ауылына араласуымызға, атсалысуымызға, мерзімді байлестерде жүлделер атануымызға, танымал болуымызға үлес қосқаны осы мектептің Жалғас Құрманов, Байбазар Жұмаметов, Тастыбай Әбдиев тәрізді ұстаздарының берік негіз қалағанын айта кеткенім – әділдік сөзі болар еді.

Жазушы-қаламгер Сайлаубай Жұбатырулының сөз өнеріндегі шығармашылық жолын әдебиетіміздегі ұшбастама, үшерлік, жаңашылдық құбылыстар ретінде саралаған дұрыс болар еді. Алғашқысы «Алыстағы аралдар» повесі әлемдік әдебиеттің інжу-маржаны саналатын «Қазына аралы», «Робинзон Крузо» тәрізді шытырман оқиғалы шығармалардың қазақ әдебиетіндегі өзіндік үлгі екенін сол кездегі сыншылар қауымы жарыса жазды. Аталған шығарманың кейіпкерлері де шетінен қиялшыл, арманшыл бала-лар болатын. Теңіз жағалауында өскен бізге айрықша әсер еткен шығарма кейінірек жеке кітап болып басылды. Іле-шала жазушының «Жасыл сағым», «Тамұқ төріндегі қазына», «Отты өткел» атты повестері жарық көрді. Бұл туындылар хикаялық-романтикалық жанрдың әдебиетіміздегі алғашқы қарлығаштары ретінде, оның бастауында тұрды, тұтас бір ағымның жолын аша келді. Ең елеулісі – 70-жылдар әдеби ағымның романтикалық тынысты, стандарттардан кең еркін батыл ойлы жаңа бір топ легін бастап келді.

Қазақстан экологиясы туралы толғақты мәселелерге толы мақалаларының өзі 4 томға жүк болатындай 4 экологиялық дәптерде тоғысқан мол дүние көрінеді. Қымбатты оқырман, жан жүрегі баладай нәзік, Аралдың біртуар перзенті, жазушы Сайлаубай Жұбатыров 1997 жылы әуелі орыс тілінде жазып, соңынан ағылшын тіліне аударған нұсқасын Франция астанасы Париж шаһарының маңайында тұрып жатқан әлемдік мұхит зерттеушісі, жиһанкез Жак ив Кусто мырзаға хат жазды дегені сөзсіздер ме? Осы хатында жазушы ғаламдық болмыс ұйғарымның дәл кіндігінде жатқан әйгілі Арал теңізінің ендіктері мен бойлықтары, су асты әлемі, тіпті, атамзаманғы тарихы туралы данышпанша толғанады. Әсіресе, Арал теңізінің «жынды толқыны», «жалғыз толқыны» туралы құпияға толы құбылыстарын да ашып жазып, мұның цунамиден мүлдем бөлек жағдай екенін баяндап айтады. Қаламгер төрткүл әлемге өзінің жиһанкездік тірлігімен аты кеңінен танымал Кустоға жазған хатында былай дейді: «Аралға келіңіз! Арал – Жер планетамыздың Көк Алқасының ең жанды тұсындағы үзгі. Жердің Көк Алқасы – Жерорта, Қара, Арал теңіздері, Балқаш, Алакөл, Зайсан айдындары боп, әдемі тізбек құрып жатыр. Осынау ұлан-ғайыр көк әлем – Табиғат-Ананың өз перзенттеріне деген дана ұйғарымы, Шығыс жарты шардағы миллиондаған тіршіліктің өмір алабы. Осы өмір алқасы болмыстың шетін жағдайында экологиялық үйлесім орнаған, тіршілік қиынынан қиыстыра жол тапқан ең сынды тұсында үзіліп кеткелі тұр...».



Біз 6-7 сыныпта оқып жүрген жылдары Сайлаубай ағамыз осы мектептің аға пионер вожатыйы болатын. Осынау ұзын бойлы, келбетті ағамыздың мектептегі «Баласау» атты қабырға газетінен әртүрлі тақырыптағы өлеңдерін қызыға оқып, Қуаныш Жиенбаев екеуіміз оған үлкен таңданыспен қарайтынбыз. Тіпті, кейде теңізге тиіп тұрған бакене тамына іздеп барып, Сәкемен біраз сөйлесіп, әр жерден шалып айтқан ойларын тыңдайтынбыз. Әкесі Жұбатыр ақсақал – біртоға адам. Әдебиеттен, саясаттан бір кісідей хабары бар, ауылдың байсалды қариясы болатын. Ағасы Ботабай біраз жыл Алматы қаласында тұрып, оқу бітіріп, бұл кездері ауылда дәрігер болып қызмет атқарып жүрген.

Қазақстандағы экология тақырыбын бұдан 50 жылдан астам бұрын алғаш көрген де С.Жұбатыров болатын. Арал тақырыбы Сәкеннің өмір бойғы мұраты, жаны мен қаны, шығармашылығының асыл арнасы десек, артық айтқандық болмас. 1968 жылы «Білім және еңбек» журналында қаршадай жастың Арал теңізінің арнасын қайтып бара жатқандығы туралы дабыл қағарлық мақаласы жарияланды. Бұл сол кездегі биліктің үстінен сақылдаған сары аязда бір шелек мұздай су қуйғанмен пар-пар іседі. Ол КСРО деген ұлы елдің жағасын жайлауда, не ішемін, не киемін демейтін аста-төк кезеңі болатын. Теңіз жағалауында атам заманның тіршілік түтінін түтетіп, тереңнен су маржанын сүзген әкелеріміздің ойына «Аралдың бағы байланады» деген қайғы эссе кірмеген түс еді. Себебі, қазынасы талай жұртқа ризік-несібе болған осынау теңіз-өкеміз жағалауынан қайтып, келмесе кетіп барады деген ой кімнің басына келген онда. Сол заманда әлгі сөз жас қаламгердің ерлігі болды.

Экология аралдықтырды да, басқалардың да ол кезде ойына мүлдем жат ұғым болатын. 18-19 жастағы Сәкең келешек зардабын запыранға бергісіз Аралдың басына түніп келе жатқан қауіп-қатерді жұрттың бәрін бөрінен аңғара білді. Сөйтіп, күллі елді шырты ұйқыдан оятты. Кейін, Аралдан және басқа жерлерден мыңдаған адамға қол қойғызды. Арал қасіреті туралы хатты ұйымдастырған қаламгердің аманаты ақыры республика басшысы Д.Қонаевтың алдына жетті. Сөйтіп, бұл хат – КПСС XXVI съезінде Арал теңізінің басына түніп келе жатқан қатер жөнінде Димаш Ахметұлының тарихи сөзіне өзек болғанын біреу біліп, біреу білмес. Бұл тарих – шым-шытырғы оқиғаға толы қызықты кино сюжетінің өзгеше уақиға.

Сәкеннің тағы бір ерлігі – қазақ публицистикасында бірінші болып проблемалық мақалалар көшін бастап, қол ашты. 1984 жылы «Қазақ әдебиетінде» «Сурауы бар су...» атты жарияланым шықты. Газеттің бас редакторы, Шерхан Мұртаза Арал туралы ақиқат әлі ешкімнің аузынан шықпаған тұста Сәкеннің осы проблемалық мақаласын, жасқанбай жариялап жіберген еді. Ол кісі сол үшін «жоғарыдан» сөз де естіт... Сонан бастап, жазушы, көсемсөзші-эколог С.Жұбатыров Арал, Сырдария, Байқоңыр, Балқаш көлі хақында көптеген публицистикалық, проблемалық мақалалардың авторы ретінде халыққа танылды. Ергіс пен Торғайды, Ырғыз бен Аралды жиһанкез боп жау аралады. Орта Азия мемлекеттеріне ортақ трансшекаралық су қорлары мәселелерін көтерді. Жалпы, Сәкеннің

Аталған хаттың тағы бір тұсында жазушы төмендегіше толғанады: «Асылы, осы іспетті Арал, менің ойымша, жер бетіндегі Ізгілік пен Ұлымдық ғаззауатының өзіндік үлкен барометрі сияқты». Талай ондаған жылдар бойы Арал тағдыры үшін отқа да, суға да түскен Сайлаубай ағамыз, ақиқатын айта керек, Мұқағали ақын жырлағандай, «Жалаң аяқ жар басып, қызыл аяқ қар кешкен» нағыз қаламгер болды. Қызығынан гөрі қиындығы, қуанышынан гөрі мұны бес батпан осынау ұзақ жолда жазушы іштей шырқыты. Өзімен бірге қанатқан, тіпті, өзінен кейін әдебиет атты үлкен отаудың шаңырағына уық шанышқан ондаған, жүздеген қаламгер талай-талай мақтау-марапаттарға ие болып, әдеби сыйлықтардың қаншама иегері атанғанда, осы тізімге Сәкең бәзбіреулердей құлшыныс танытып, енуге тырысқан жоқ. Ол өзінің рухы күштілігінен тек бірінғай жазу ісіне адал болды. Осындай жанкештілігінің нәтижесінде, бірнеше кітаптан тұратын «Абыржы» романы дүниеге келді. Сізге өтірік, маған шын, бір кездері Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын жата-жастанып, 4 сыныптық білімі бар балықшының да, көзі ашық басқалардың да мүдірмей оқып шыққанына куә болғанмын. Сонан кейінгі араға талай жылдар салып жарық көрген «Соңғы парыз» романының тілдік сөз қолданысы көптеген оқырманның басын ауыртқаны бар. Себебі, Әбкеңнің соңғы шығармасы әлемдік әдеби масштабта жазылған болар. Сайлаубай ағамыздың да осының алдындағы «Алыстағы аралдар», «Жасыл сағым» және басқа повестері оп-оңай тез оқылтатын, ал «Абыржының» «аруағы» басымдау болып туғандай, кез келген оқырманның тісі батпа дүние болып шыққан.

Жаңа асырдың басында суреткер Сайлаубай Жұбатырулы тыңнан түрен салып, әдебиеттегі жаңашыл дәстүрге лайық күрделі туынды әкелді. Жазушының «Абыржы» атты трилогиясы бастан-аяқ Аралдың кешегі, бүгінгі трагедиясына бағышталған дүние. Белгілі ғалым Алдажар Әбілов бұл туынды туралы былай дейді: «Әлем әдебиетінде ойдан негізді, деректі, дәйекті уәждермен жеткізу, батыл болжамдар жасау мысалы аз емес. Бұл – әдебиеттің қоғамға, адамзат дамуына бағыт-бағдар сілтеу миссиясы. Қазіргі көптеген техникалық, ғылыми және рухани жетістіктеріміз алдеймен көркем шығармаларда баяндалған мысалы көп. Міне, осы үлгі «Абыржы» романында да бар. Соның бірі – Ғалам-Кіндікті іздеу. Ойлар Сүйінтай-математик пен оның «Қара дәптері» арқылы айтылып санаға салмақ салады, қисынды ойді қозғайды. Сүйінтай, Өрен бейнесімен қабат өрлетіп Ғалам-Кіндік жобасы, Топансу оқиғасы, Нұқ пайғамбар хақындағы жорамал, Арал апатының ғарыштық себебін іздеу де, өз алдына бір полсапалық жүйе түзейді. Автордың келер ұрпақ бейнесін Өрен мен өлі жағалаудағы ақ көйлекті бала арқылы жеткізуді де астарлы. Мәтін астарында ел болашағы, ұлт перспективасының көкейкесті мәселелері жатыр».

Бұл күні жетпіс жастың асқарына алдындай жеткен «Парасат» орденінің иегері, «Арал ауданының құрметті азаматы» атанған талантты жазушы Сайлаубай Жұбатырулының қаламгерлік бітім-болмысы Арал теңізде тағдыр желі айдаған жалғыз желкенді қайық сияқты көрінеді де тұрады. Жалпы, жазушының бітімі, жазылу мәнері бөлек «Абыржы» романы алдағы уақытта терең ұғыныла талданып, үлкен мінберлерде орнықты лебидермен айшықталып айтылатын болар деп ойлаймын. Тек мықтыларын мойындауға қазақтың құнты болса екен. Бәйте алған алғашқы «Алыстағы аралдар» туындысында «Ақ желкен» деген символикалық атпен келген талапкер, бүгінде әдебиет айдынында ақ желкені көріп, танымал суреткер, қоғам қайраткеріне айналған жазушыға өмір деген ұлы теңізге аман-сау жүзе бер демекпіз.

Толыбай АБЫЛАЕВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

JER REFORMASY

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Жер кодексі осы жылдың 20 мамырынан бастап күшіне енді. Жаңа заңда елдің талап-тілегі ескерілген. Жалға берілетін ауыл шаруашылығы жерлерінің шекті мөлшерін белгілеу, жалға беру нормасын сақтау және жетілдіру, шекаралық аймақтарда жерді беру талаптары туралы облыстық жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қанат Нұрманов мәлімдеді.

Елбасы тапсырмасы бойынша, Жер реформасы жөніндегі комиссия 2016 жылы республикалық деңгейде құрылды. Комиссия мүшелеріне жүктелген міндет айқын: Жер кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар халықтың талап-тілегіне негізделуі қажет. Қайта түрленген кодексте ел алаңдаған ең маңызды мәселелерді тиіліні тарқады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жеке меншікке сатылмайды және шетелдіктерге жалға берілмейді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тек қазақстандықтарға жалға беріледі және оның жаңа тәртібі

ЖЕР КОДЕКСІНДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ?

белгіленген. Бұрын мұндай жерлер аукцион арқылы бөліне, енді жаңа заңға сәйкес тек конкурс арқылы беріледі. Осыған дейін аукционға шығарылатын жерді жергілікті әкімдік белгілесе, енді жергілікті жердегі қоғамдық кеңестер, ұлттық палата өкілдері мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдардың келісімі арқылы ғана жер әкімдік бекіткен конкурсқа шығарылады.

Жергілікті тұрғындардың қоғамдық пікірін ескеру маңызды. Сондықтан, жаңа заң бойынша, жер комиссиясының құрамына енгізілетін салалық қоғамдық бірлестік, қоғамдық кеңес, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері жер комиссиясы мүшелерінің елу пайызын құрауы керек. Заңға енгізілген өзгерістің бірі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің «бір қолда» болуының шекті мөлшері белгіленді. Бұрын қолданыстағы заң бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді бір адамның иеленуінің ең төменгі мөлшері белгіленгенмен, ең жоғарғы мөлшері жоқ болатын. Сондықтан «қалталы азаматтар жердің көбін өздері иеленді» деген сынды пікірлер айтылды. Енді әр облыстың әкімшілік аудандары жер-

ліканың шетелдіктермен некеде тұрған азаматтарына, шетелдік заңды тұлғаларға берілмейтіні де кодексте айтылған.

Заңда ауылдық жерлерде жергілікті тұрғындардың жеке аула малына жайылым жетіспеушілігін шешу де көзделген.

– Жергілікті халыққа сауын мал басын ұстау үшін жайылым алқаптарын белгілеу туралы норма жасалуда. Мұндай жайылымдарды Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына жалға беруге тыйым салынатын болады. Сонымен қатар, бұрын елді мекендердің маңындағы жайылымдардың көбі жеке және заңды тұлғаларға беріліп кеткендіктен, әкімдерге ол жерлерді мемлекеттік мұқтажының шешуге қажетті деп, қайта алуға мүмкіндік берілді, – дейді Қанат Нұрманов.

Конкурс арқылы берілетін ауыл шаруашылығы жерлерін қоспағанда, Жер комиссиясының оң қорытындысы бір жылға дейін жарамды болмақ. Бірақ осы кезге дейін жер алған тұлғалар жанының емес, бұрынғы заң тәртібіне бағынады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

PARYZ

Адал еңбегімен адам баласына тән бедел, бақ, абырой, атақтың барлығын иеленіп, қарапайым қалпымен халықтың да жүрегінен орын алу – екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Бұл да болмысы бөлек жанның бойына бітер дара қасиеттің бірі болса керек. Тула бойында табиғаттың өзіндегі тұма тазалық тунып тұрған, ерен еңбектің, ерекше кісілік келбеттің иесі, қасиетті Сырдың қажырлы перзенті, қайраткер Ұзақ Еспанов осындай адам болатын. Көңілдің кейбір мәуелі шақтарын маржан жырмен өрнектейтін абыз ағаның артында «Көңіл шуағындай» көркем дүниесі қалды.

ТАҒДЫРЫ ТАҒЫЛЫМ ТҰЛҒА



Биыл Социалистік Еңбек Ері Ұ.Еспановтың туғанына 90 жыл толып отыр. Осыған орай, ерен еңбек иесін еске алып, өнегелі өмір жолын еске алуға ұрпаққа насихаттау мақсатында Жалағаш ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жүрегім жыр құйды таңдайыма» атты жастар арасында жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Жыр кешін аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тажмаханов ашып, Сыр елінің қолма қолында өзіндік ерек қолтаңбасы бар Ұ.Еспановтың

еңбек жолы, ерекше қарым-қабілеті – шығармашылығы жайлы айтып өтіп, жас талапкерлерге сәттілік тіледі. Мүшәйраға 18 талапкер қатысып, бақ сынады. Алдымен, Ұ.Еспановқа арнау, одан соң Астана қаласының 200, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай жазылған өлеңдер оқылды. Жыр сайысы болған соң, бірі артық, бірі кем түсіп жататыны заңдылық. Өлеңнің құрылымына келгенде аздаған олықтықтар орын алғанымен, жалпы туындылардан тәп-тәуір ізденіс, толғаныс бар екені байқалды. Дегенмен, саралай келе, шын мықты суырылып алға шықты. Атап айтқанда, Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылынан қатысқан Гүлнар Мырзағалиева бас жүлдені иеленсе, бірінші орынды жаңақорғандық Назан Бижанов, екінші орынды Қызылорда қаласынан Асқар Әли, ал үшінші орынды қазалылық Нұрболат Төлеш пен қызылордалық Бақытжан Әлішер бөлісті. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен ақшайлы сыйлықтар берілді. Жеміпаздарға марапатты Ұ.Еспановтың туысы Б.Мырзабеков табыстап, жас талапкерлерге жүрекжарды алғысын білдірді.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы».

ӨНЕГЕ

Қазалы ауданының Кәукей ауылында осыдан жеті жыл бұрын, яғни 2011 жылы әр жылдары мектеп бітірген тұлғалардың бастамасымен мешіт үйінің іргетасы қаланған еді. Имандылық үйінің құрылысына 1957-1977 жылдар аралығында өмірге келген ауыл азаматтары атсалысып, байыпты бастаманың жүзеге асуына біркісідей жұмылды. Бүгінде Жанқожа баба атындағы бұл мешіт ел игілігіне қызмет етіп келеді. Содан бері жыл сайын «Кәукей күні» шарасы атылып өтеді.

АУЫЛДАСТАР АТҚАРҒАН АУҚЫМДЫ ІС

Мешіт ашылағанда 1963 жылы туған ауыл азаматтары өздерінің 49 жас – мүшел жастарына орай ата-баба аруағына құран оқытқан болатын. Бұл бастама кейінгі буынның тарапынан жалғасын тауып, ауыл мешітінде имандылық тәрбие бағытындағы шаралар жиі өтіп тұрады.

Айта кетейік, осыған дейін 1963 жылғы тұлғалар атынан №225 мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Серік Жұмабаев, спорт саласының маманы Әуесбай Төберік және кәсіпкер Марат Баймаханов сияқты азаматтар ауыл мектебі жанынан спорт секциясын және мектеп бітірушілер сабағын ашу жөнінде ұсыныстарын білдірген еді. Ұсыныс облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан қолдау тауып, бүгінде спорт секциясы өз деңгейінде жұмыс жасап келеді. Қажетті жабықтармен толық қамтылып, жасоспирмдердің жаттығуына бар жағдай жасалған.

– Таяуда әскерден ордалмай қалған кластарымыз Бейтайдар Қанатбаевтың атында грек-рим күресінен аудан жастары арасында ашық турнир ұйымдастырған едік. Сайыс өте тартысты өтті. Жасоспирмдердің шапты қимыл, шебер әдістерінен олардың арнайы жаттығуы, күрес тәсілін жетік үйренгені байқалып тұрды. Жеміпаздар лайықты марапат иеленді. Аталған спорттық шарға 1963 жылғы тұлғалар атынан табысталған жұлдыз қоры 200 мың теңгені құралай. Ең бастысы, спортқа қабілетті балалардың талабы шындалып, талпынысы артты. Біз осыған қуаныштымыз. Осы орында ұсынысымызға қолдау көрсетіп, мәселені дер кезінде шешіп берген облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімовке алғысымызды білдіреміз, – дейді спорт саласының маманы Әуесбай Төберік бізбен әңгімелесіп.

Айта кетейік, биыл «Кәукей күні» ораза айына түспә-түс келді. Ауыл мешітіндегі ауызша шарашына бастау алып, одан әрі грек-рим күресе және «Кәукей барсы» спорттық сайыстары жоғары деңгейде өтті. Айталық, грек-рим күресінен 25-45 келі аралығында салмақ деңгейінде Жолдасбай Ерұтқан, Абайұлы Айтуған, Өмірзақ Айтжан, Жәйілібек Динислам, Ғабдулла Ұлан сияқты спортшылар І орыннан көрінді. Ал он екі палуан күш сынасқан «Кәукей барсы» сайысында облыстық спорт мектебінен шыңдалып шыққан спортшы Әбілмәжан Дархан жеміпаз атанды.

Ауылдық клубта ұйымдастырылған айыпта ауылдың бүгінгі мен ертеңіне өзекті тақырыптар ортаға салынды. Мұнда бас жүлдені Майдақол ауылынан Бекзат Әбдіхан мен Бекзат Серіков иеленді. Осылайша ауыл ішін дүбірлеткен думанды шара көпшіліктің көңіліне әдемі әсер қалдырды. Алдағы уақытта да көңіл түпкіріндегі көптеген ойларды осылайша іс жүзінде асырудан ауыл тұрғындары аянып қалмасы анық.

Ғ.КОЗЫБЕКБЕКЫЗЫ.

БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

«Әрбір отбасына баспана алудың жана мүмкіндіктерін беру» бастамасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі «7-20-25» жана ипотекалық бағдарламасын бекітіп, «Баспана» арнайы ұйымын құрды. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Ұлттық Банкі облыстық филиалының директоры Әсет Мұстафин мәлімдеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған бес бастамалдан кейін тұрғын үйге кол жеткізе алмай жүргендердің кеудесінде үміт оты қайта жанғандай болды. Себебі жана «7-20-25» бағдарламасы аясында еңбек етуші әр қазақстандық тұрғын үйге кол жеткізе алады.

Брифингте филиал директоры бағдарламаға меншік құқығында баспанасы және басқа да ипотекалық қарыздары жоқ Қазақстанның әрбір азаматы қатыса алатынын жеткізді. Қазіргі таңда «Баспана» екінші деңгейлі «ЦентрКредит», «Халық», «Еуразия», «Цесна», АТФ, РБК және «Тұрғын үй құрылысы жинақ» банкітерімен келісімге кол қойылған. «Сербанко»

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».



Қазақ арасында «астана» атауына қатысты ескі ел аңыздары жақсы сақталған. Солардың бірі Ақтөбе өңіріндегі Қобда өзенінің жағалауына жақын орын тепкен ортағасырлық Абат-Байтақ кесенесіне байланысты айтылады. Аңыз әңгімеде Абат Асанқайғының баласы делінеді. Ерте-ректе ел ішінен жазылған бір аңызда Абатты «жайын жұтқан» баяндалса, енді бір әңгімеде Байтақ – Дешті-Қыпшақ батыры ретінде көрінеді де Астананы қалмақтардан қорғау кезінде қаза табады (Н.Кастанье, 1910г., 90, 92 беттер). Мысалы, Я.Я.Полферовтың «Қазақ бейіттерінің арасында» (Средн. киргизских могол. Тургайская газета. 1896, №6) атты мақаласында Байтақ кесенесі жайындағы бір аңыз келтірілген. Мұндағы Байтақ батыр – Алтын Орда ханы Батудың інісі ретінде сипатталған. Аңыздағы Байтақ батыр Қобда қалмақтарымен соғыс кезінде опат болып, осы араға жерленген.

Әрине, халық қиялы XV ғасырдың туғасын әріктертегі Шыңғыс ұрпақтарымен байланыстырғанымен, археологиялық деректер Байтақ тамының ноғайлы-қазақ кезеңінің туынды екендігін дәлелдеген. Байтақ батырдың жағайып кесенесін қазақтар салғандығы орыс зерттеушілерінің жазбаларында айтылады. «Қобыланды батыр моласы» жөнінде Кастанье келтірген В.В.Карлсон мәліметінде мынадай сипаттама берілген: «Елек бекінісінен Ойылға қарай күре жолдың бойында кірпіш қирандыларымен көмкерілген аласа төбе бар. Бұл тұрғындар қиратқан ескі моланың қалдығы. Карлсон мырза мұражайға сыйлық ретінде кірпіштердің екі санынғын әкелген. Олар Аниховский, Кастанье, т.б. қазған Байтақ кесенесінің кірпішінен бір пішінде» (В.В.Кастанье, 93-бет).

Бұдан біз Байтақ пен Қобыланды батыр кесенелерінің бір дәуірде, шамамен XIV ғасырдың соңы, XV ғасырдың екінші жартысы арасында салынғандығын аңғарамыз. Әлбетте, бұл арада Қобыланды батырдың Дешті-Қыпшақ ханы Әбілхайыр тұсында Арығ Асқар биді өлтіретін оқиғасын және соның салдарынан Жәнібек, Керей хандардың «қазақ шығып» кететіндігі туралы ел аңыздарын меңзеп отырмыз. Сонымен қатар Асанқайғының ұлы Абаттың да сол дәуірде өмір сүргендігін, ноғай-қазақ эпостары, әсіресе, «Қырымның қырық батыры» жырларында көне сарындардан көре аламыз. Эпоста Қобыланды, Абат есімдері қатар келуі – кездейсоқ емес. Астана, Байтақ топонимдерінің ел. жұрт. орталық қала, орда мәнінде дәл осы «Қобыланды батыр» жырында көбірек кездесуі де қазақтың бас батырының өз Отаны – Дешті-Қыпшақтың қасиетті жері мен оның киелі Астана – Байтағын қорғауда ерен еңбек сіңіргендігін аңғартады. Түптеп келгенде, Қобыланды есімінің алты Алашқа жайылып, қазақ халқының ең таңдаулы, ең көп нұсқалы әрі ең көркем де көлемді эпостық мұрасына бас кейіпкер ретінде енуі де осы сөзіміздің жарқын дәлелі сияқты. Көшпелі тұрмыс кешкен жұртымыздың мыңжылдық тарихы Құрбанғали Халидұлы сынды білімпаздар айтқандай, халықтың өз аузымен аңыз, жыр, эпостарға айналған қандай күмәнсіз болса, Қобыланды, Астана, Байтақ тәрізді есім-атаулар жай эпикалық кейіпкер немесе топоним ғана емес, этникалық сана мен тарихи жадымызда өшпестей жазылған ұлы тарихтың ұмытылмас бір кезеңі – ұлттың һәм рухани құндылықтарымыздың өрелі өзегі.

«Астана-Байтақ» кешенінің қазақ халқының өткен XV-XX ғасырлардағы тарихында аса маңызды орын алғандығын В.В.Кастаньенің мына деректері айғақтай түседі: «Бұл кесене жөнінде төмендегідей мәліметтер ұшырасады: Өзінің «Орынбор губерниясының топографиясы. 1762 ж. I бөлім. 515-бетінде» П.И.Рычков жазады: «Өткен 1750 жылы Қырғыз-Қайсақ орда-сына жіберілген инженер-подпоручик Ригельмань, Үлкен Қобдаға құятын Қарасу бойындағы сол ордада болып (ол кезде онда Хан жайлауы болатын), әлгі өзеннің сағасына жақын арадан Орынбордан 150 версттей жерде пирамидаға ұқсас біраз тас құрылыстарды кезіктіріп, суретін салып алған. Оларды қырғыздар «астана» деп

лайын» деуі, «айналып-толғануы» да сол ежелгі салт бойынша жақыны мен жары үшін, қара қазан сары баланың қамы үшін, қалса, Отаны мен туған жері үшін шыбын жанды пиде ету деуі мағынада қолданылғаны белгілі. Батырлар үшін «Астананы қорғау» – арысы өз мемлекетін, өз Отанын, берісі өз елі мен туған жерін көздің қарашығындай қорғап, жау тырнағынан сақтап

қалудың басты ұраны әрі бұлжымас борышы болған. Сайын даланың сайыпқыран сарбазы мен батыр жігіттің ерлігін халық осы маңызды міндеттің мүддесі мен үддесінен шықса ғана танытын. Осынау отаншыл ұғым-тілектер Мұрат ақынның жырында былайша төгілді: Садағын сала байланса, Астана жұртын айналса, Бас қаруын белге ілсе, ат үстінде күн көрсе, Тебінгісін теріс тағып, темір қазық жастанып.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ «АСТАНА» ОБРАЗЫ

айтуды және осы арада олардың атақты адамдары жерленген. Солардың біреуінің атын қырғыздар Байтақ деп атайды. Олар Ригельманға: «Ертеде бұл жерде қала болған. Осы Астанада атақты қырғыздардың өз қорымдары бар және сол жерде өлі рухтарға дұға оқиды» (В.В.Кастанье, 92-бет). Кітаптың осы бетіндегі «Қалалардың қирандылары» атты археологиялық сипаттамада Үлкен Қобда өзеніне жақын Байтақ өлкесінде, қазақтардың айтуынша, бұрын қала болғаны және ол арада ғимараттардың қирандылары, жартылай тегістелген қаналдар мен егістік нысандары барлығы баяндалады. 1750 жылы Ригельман көргенде, олардың бірқатары әлі бұзыла қоймаған және орыс инженері кейбір жәдігерлердің суретін де салған. «Қырғыздар аталған орындар ерекше құрметтейді және сол арада жерленуді бақыт деп біледі.» (сонда) деген археолог мәліметі де бүгінгі ұрпақ үшін Астана-Байтақтың қаншалықты мәнді тарихи-мәдени киелі нысан екендігін есімізге салады.

П.И.Рычковтың (1762 ж.) Үлкен Қобда, Қарасу өзендерінің түйіскен тұсындағы «Байтақ» атанған культтік-тарихи кешеннің төңірегін «Хан жайлау» (Ханское кочевье) деп жазуы тегін емес. Ескі мұрағат жазбаларына қарағанда Байтақта XVIII ғасырдың соңғы жылдарында халық көсемі Сырым Датұлы бірнеше жыл хандық дәурен сүріп, Ресей патшайымымен ресми қатынас құрған. Әбілхайыр, Нұралы хандар да көне Астана аймағына жиі ат шалдырды. Әйтсе де, бұл кездері қазақ хандарының қысқы рабаты немесе хан ордасы Сырдағы Жанкент, Сығанақ, Түркістан қалалары болып қала берді.

Біздің білуімізше, бір заманда «Астана-Байтақ» атауы исі қазақтың ұранына айналған. Соның жарқын дәлеліндей, халық ауыз әдебиеті мен фольклорлық туындылардан «астана» сөзін жиі ұшыратамыз. Бұл кәсірлі ұғым, әсіресе, жырлар поэзиясы мен батырлық эпостардың басты мотиві болды. Арығ дәуір жырларынан айтпағанда, Махамбет ақынның Истай батырға арналған «Тарланым» атты жоқтау жырында:

Айғайласа белдік байланған, Астана жұртын айналған.

Атына тұрман болсам деп, жұртына құрбан болсам деп.

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен, атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен... (Б.Ғ.Ж., 1-том, 185-бет) – деп келетін жолдар – сол бір ескіліктен есті жұрттың санасына сіңген, қанына біткен қанатты сөз. Бұдан біз қазақ хандығы тұсында бергі қиылы заманда «астана» сөзі, ел-жұрт, орталық халық, Отан, Хан Ордасы, киелі қоныс, атамекен сынды аса қасиетті ұғымдарды бейнелейтінін көреміз. «Астана жұртын айналған» қанатты сөз тіркесінің мәні – елін сүйген ер азаматтың Отан үшін жан беруі. Алаш жұрты үшін құрбан болуы деген ұғымды меңзейді. Қазақтың «айна-

қалудың басты ұраны әрі бұлжымас борышы болған. Сайын даланың сайыпқыран сарбазы мен батыр жігіттің ерлігін халық осы маңызды міндеттің мүддесі мен үддесінен шықса ғана танытын. Осынау отаншыл ұғым-тілектер Мұрат ақынның жырында былайша төгілді: Садағын сала байланса, Астана жұртын айналса, Бас қаруын белге ілсе, ат үстінде күн көрсе, Тебінгісін теріс тағып, темір қазық жастанып.

Қарындаз үшін қан жұтса, ол ер жігітке жарасар (Б.Ғ.Ж., 2-том, 129-бет).

«Байтақ», «астана» ұғымдары қазақтың батырлық эпостарында көбірек қолданылса тускен. Бұған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 100-томдық «Бабалар сөзі» сериясы бойынша жарық көрген 20-томдық батырлар жырлар (33-53-томдар) оқиғанда аяқын көз жеткіземіз. Аталған көптомдыққа Алпамыс, Қобыланды, Едіге, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі, Ер Көкше, Ер Қосай, Ер Сайын, Қамбар, Тарғын, Қарабек, Көрүғлы, Бозұғлан, Қырымның қырық батыры туралы қанағамандық жырлар және олардың түрліше нұсқалары енгені мәлім.

Зер салып қарағанда, жиырмаөтмдік эпос мәтіндерінде «байтақ» сөзі түрлі мәнде 125 рет қолданылған болса, «астана» ұғымы 30 мәрте кездесті. Мұндай айырмашылықтың себебі, «байтақ» сөзінің қалың ел, ұлы, ұлкен, көп, ұлан-ғайыр, т.б. мағыналарда жиі қолданылуында халық керек. Ал «Астана» сөзі негізінен ел, халық, орда, орталық шаһар ұғымдарына ғана қолданылып, өзінің басты, киелі мәнінен ажырамаған. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырларының Нүрпейіс Байғанин нұсқасында мынадай жолдар ұшырайды: Қайтамын деп ер Қобылан, сағынған Қыпшақ елдерім.

Мереке-тойым қыпшақ, Астана елді жиялық.

Халықтың басын құралық, (36-том, 139-бет).

Бұл арада «астана» – туған ел, халық, ордалы жұрт мәнінде қолданылған. Осындай ұғымды меңзейтін «астана» лексемасы ақтөбелік тағы бір эпик ақын Айсая Байтабынұлы нұсқасында былайша өрнек тапқан:

Астана халқы еретін, ханыңның аты кім еді? Арлы жерде мал шашқан, байыңның аты кім еді?

Арғымақ мініп ақырған, дұшпанды көрсе жашыраған

Ініңнің аты кім еді?! (37-том, 39-бет).

Бұл – Құртқанын шешесі қалмақ Көктен кемпірдің Қобыланды батырды сынап айтқан сөзі. Ноғайлы-қазақ эпостарының қай-қайсысында да жыршылар батырдың тегін Қазтуған, Орақ, Телағыс, Ахмет, Қарасай, Қазі, Әуез, т.б.

Едіге әулеті мен оның туыстарынан бөлектеп, «қазақ немесе қарақыпшақ Қобыланды» деп ерекшелен атаған. «Астана» атауының негізінен, «Қобыланды батыр» жырларының нұсқаларында, оның ішінде батыс варианттарында көбірек ұшырасуы да зерттеушілер назарын аударарлық жайт. Мүмкін, орыс археологтары жазағандай, Байтақ, Астана шаһарлары мен қазақтың бас батыры Қобыландының өмір тарихында біздің ғалымдарымыз әлі зерделей қоймаған әлдебір жұмбақ сыр жатқан шығар? Қайткен күнде де, Астана – жаңа байтағымызға жайдан-жай берілген атау емес, Елорда есімі ел тарихымен

Қобылан деген үмітке. «Көп тілеуі – көл» деген

Көрінді, балам, көзіңе, аз күн болсын дәм тағып,

Жатып шықтың кілітке... (37-том, 480-бет).

Көріп отырғанымыздай, қазақ эпостарындағы «Астана» образы ұлт, отан, ел-жұрт, халық, атамекен ұғымдарымен ажырама үндестікте жетсе осынау Ұлы даланың елі мен жерін қорғаушы хас батырлардың тағдырымен, ерлік шежіресімен сабақтаса сомдалған. Асығыс сілтеген алдапсанымен Әбілхайыр тағын шайқалтып, Керей, Жәнібек сұлтандардың дербес Қазақ хандығын құруына себепкер болған Қара қыпшақ Қобыланды туралы тарихи аңыздардың бір парасы ежелгі Абат – Байтағымыз Астанамен байланысты екендігін жоғарыда айттық. Қазақтың бас батырына лайық еңселі ескерткіш бүгінгі Астанамызда бой көтерсе, ел рухы бір көтеріліп қалатындай.

Қазақ эпосындағы «астана» ұғымның қолданыс аясы бір ғана «Қобыланды батыр» жырғымен шектелмейді. Мысалы, «Қарасай – Қазидық» Мұрат Мөңкеұлы нұсқасында:

Садағын сала байланған, Астана жұртын айналған,

Қылжуырдай қисайған, қалмақты қырса тыншайған... (41-том, 44-бет).

Нәмесе:

Байтақ малды сойдырған, Астана жұртын тойдырған... (42-том, 46-бет).

Нүрпейіс нұсқасында:

Астана халқын басқарған, талай жауды жылтқан.

Жігері мен қайратын, есіткен жан ұнатқан... (Сонда, 112-бет).

Айс нұсқасында:

Мамайым бойға біткенде, ұшарына жеткенде.

Мен түсімде Ай мен Күн көрдім.

Ай мен Күндей қылып, Астанаға бірдей қылып,

Құдай-ау, екі үл бердің... (42-том, 44-бет).

Яки болмаса:

Тәрбие мен байлықты Астанадан озырған, Мамай! (Бұл да сонда)

Қобылаш нұсқасында:

Ноғайлының елінде, талай ерлер өтулі.

Астана, елдің қамы үшін, дұшпанға қарсы бекіңді (46-том, 9-бет).

Осы нұсқада:

Астана, халық аман ба, ел қамқоры достарым?! (Сонда, 117-бет).

«Қырымның қырық батыры» жырында:

Астана жұртты меңгерген, азын көпке теңгерген

Артық туған хан еді, асылы артық жан еді... (51-том, 341-бет) деген жыр жолдары «астана» сөзінің халықтық, елдік мәнін тереңірек аша түскен. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Поэтикалық қырынан қарағанда «астана» сөзін жырлаулар ел-жұрт, халық ұғымдарымен ажырама бірлікте алып, көбіне эпитет-айқындаушы түрінде қолданған. Бұл жағдайда астана жұрт, астана ел, астана халық тәрізді тұрақты сөз тіркестерінің синонимдік қатары түзіліп, олардың басты мағынасы – хан ордасы, ата жұрт, қара орман халық, Отан, туған ел, ежелгі, құтты қоныс мәндерін білдіреді. Кейде «астана-байтақ» формасында қосарлы немесе жеке «астана» метафораланған эпитет күйінде де ұшырай береді. Мұның өзі «астана» сөзінің сан ғасырлар бойы халқымыздың рухани кеңістігінде – эпикалық санада берік орын тепкен, ұлттық идеямыздың негізгі нышанына айналған қастықтар ұғым, қасиетті ұран екендігінің айқын айғағы.

Серікбай ҚОСАН,
шығыстанушы,
аймақтық «Рухани жаңғыру»
орталығының бөлім меңгерушісі.

СЫРҒА ТОЛЫ САЯХАТ

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі», – деген болатын. Осы орайда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жүзеге асырылуда. Сырға толы Сыр өңірі жұмбақ сырлы қорғандары, обалары бар қордалы өлке екенін ескерсек, олардың әрқайсысының тарихы, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтары бар.



тарына жауап берді. Одан әрі «Қорқыт ата ескерткіші» мен «Сыр сұлейлері» алесына барған саяхат қатысушылары тарихи деректерге қанықты.

Одан әрі мектеп оқушыларының саяхаты ежелгі Жетісар мәдениеті ескерткіштері, ортағасырлық Сортөбе қалашығы, Қорқыт ата тарихи-мемориалдық кешенінде (Сырдария және Қармақшы аудандары) жалғасты. Саяхатқа «Рухани жаңғыру» орталығы мамандары, Қызылорда қалалық оқушылар мәслихатының белсенді жастары қатысып, ежелгі және ортағасырлық қалалардың тарихымен, сәулет өнерімен, тұрмыс-тіршілігімен танысып қайтты. Ортағасырлық Сортөбе қалашығында жүріп жатқан археологиялық қазба жұмыстарына қатысқан жастар ерекше әсермен оранды. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысқан саяхаттаушы топ ұйымдастырушыларға алғысын айтып, әсерлерімен бөліскен бейнесөзеттер

Э.ЖӘНІБЕКОВА,
«Рухани жаңғыру»
орталығы «Рухани қазына»
бөлімінің маманы.

ҰЛТҚА ҰПАЙ ӘКЕЛЕТІН ЖОБА

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында «Жас Отан» Жастар қанатының «Отан-Ана» жобасы басталды. Бүгінгі жас буынның ел тарихын танып, баба дәстүрін жағастыруы ұлтқа ұпай әкеледі. Осы мақсатта облыстық «Жас Отан» Жастар қанатының белсенділері және «Жасыл ел» еңбек жасағы Сырдария ауданында орналасқан Қалжан ахун мешіт-медресесінің тарихымен танысты.



Сыр бойында халықты имандылыққа тәрбиелеп, мешіт салдырып, медресе ашқан діни ғұламалар көп. Бұқарадағы әйгілі «Көкілташ» медресесінде он жыл білім алып, шариғат және заң саласын толығымен тәмамдаған Қалжан Бөлекбайұлы да білімін ел игілігіне арнап, мешіт-медресе салдырған. Филология, астрономия, математика, биология ғылымдарын меңгерген қоғам қайраткері діни лауазым – «ахун» атын иеленген. Араб, парсы, шағатай тілдеріне жетік Қалжан ахун жастарды оқу-білімге шақырып, халқын отаршылдық қамыттың азат етуді ойлайды. Сөзіміздің дәлелі, діни

қайраткер атындағы мешіт-медреседе астрономия, жағрапия, биология, құқықтану, математика, діни сауат ашу дәрісханалары болған. Демек, медресе шәкірттері қазіргі білім беру стандартындағы оқу пәндерін де игерген. Ел Қалжан ахун аты аталса, имамға Абайдың өкесі Құнанбайдың бата сұрап келген сапарын аңыздай қылып айтады. Меккеге қажылыққа аттанған Құнанбайға Қалжан ахунның ағасы Бозжанның «Ер тілегі болса, қалсын, ел тілегі болса келсін» деп бата беретіні сол

кез. XX ғасырдың басында бой көтерген мешіт-медресе бүгінде республикалық маңызы бар ескерткіштер қатарында. Бұл жерде Қалжан ахунның өзі тұрған үйінің де орны бар. Өткенге шолу жасау мақсатында Сырдарияға сапарланып жастар Қалжан ахунның өмір тарихына ғана шолу жасаған жоқ, сол бір қилы кезеңдердің тарихын таныды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ЖАҢҒЫРҒАН САНА, ЖАҢАРҒАН САЛА

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жариялануына бір жылдан астам уақыт өтті. Осы аралықта Қазақстанда техникалық, технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және ақпараттық жаңғыртудармен қатар ел руханиятының маңызды және өзекті мәселелеріне барынша көңіл бөлінуде.

Уақыт талабына сай санауың өзгеруі қажеттілігі, әсіресе қазіргі жаһандану заманында айқын сезіледі. Жеке бастың қамын ойлап, бұрынғы қалпың өмір сүру ескі салт. Бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатына орай, адами капитал сапасын арттыру, ол үшін рухани тұрғыдан өзгеру, сана-ниетіңді қажеттілігі туындап отыр. Рухани жаңғыру адами, рухани құндылықтарымызға орау, ата-бабаларымыз қалдырған рухани мұраларға жана тыныс беріп, жандандыру, жағастыру, оны күнделікті игілігімізге жарату, кәсіптер, солардан нәр алу, мәңгілік ету дегенді аңғартады. Бұл өмірге бейімделуі әрекет ету үшін көзқарас, сананы, рухани әлеміңді өзгерту деген сөз.

Елбасы Н.Назарбаев «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сиген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тудыруымыз керек. Ұлттық сапалы-дәстүрлеріміз, тіліміз мен музыкамыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Абайдың даналығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп атап өткен болатын.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері органдары құрылған кезеңінен бастап осы күнге дейін мемлекеттік қызмет саласында позитивті, өзгерістер орын алуға. Атап айтқанда, 1999 жылдан бастап қолданыстағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 қарашаның № 416-V Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» және 2005 жылы Мемлекет басшысы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әлеп кодексі) Қазақстанда есеп берілуші, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға негіз қалады.

Мемлекеттік қызмет атқарып жүрген мемлекеттік қызметшілерді конкурс жарияламай ілгерілету, босаған лауазымға ішкі конкурс арқылы тағайындау процедураларын енгізу және т.б өзгерістер қолданылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен мемлекеттік органдарда еден жөніндегі өкіл тағайындау институты жұмыс атқара бастады.

Қазіргі таңда елімізде саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани жаңғыру процестері жүріп жатыр.

Әуелбек ҚАМЗАЕВ,
техникалық реттеу және метрология комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы.

ЕЛОРДА ТОЙЫ - ЕЛДІКТІҢ ТОЙЫ



6 шілде - астаналықтар үшін ғана емес, бүкіл қазақ жұрты үшін айтулы күн. 1997 жылы 10 желтоқсанда Мемлекет басшысы ел астанасының Ақмолаға ауысқанын ресми түрде жариялады. Ал бас қаланы көшіру идеясы 1994 жылдың дәл осы күні көтерілген еді.

Дегенмен, 90-жылдардың басында елорданы тұрғызу қиял секілді көрінгені рас. Жана астананы салу үшін қыруар қаржы, мол инвестиция қажетті. Астананы әлемдегі әсем шаһарлардың біріне айналдыру жоспары алғашқы сәттен бастап жүзеге асырыла бастады. Бас қаланы салуға отандық және әлемдік сәулетшілер бірдей тартылды. Уақыт өте келе қиялдағы дүние шындыққа айналып, ерке Есілдің бойында ертегідей қала пайда болды. Бүгінде ол адам танымастай өзгерді. Жастарды болашаққа бастайтын бас қала өнер, білім-ғылым мен мәдениеттің ордасына айналып үлгерді.

Қысқа мерзім ішінде сән-салтанаты келіскен сәулетті шаһар тұрғызу, Астананы абаттандырып, ажарын айшықтау - Елбасының ерен еңбегінің жемісі деп бағалауға болады. Бұл туралы Президент: «Астана - бұл менің төл перзентім. Әр адам, тегінде өз қаласын сүйетін шығар. Ал біз өзіміздің жас қаламызды үш есе артық сүйеміз. Өйткені, біз оның құрылысын тақыр жерден бастадық. Мұндағы әрбір жаңа мүйіс, әрбір жаңа ғимарат біздің жүрегімізден шыққан. Себебі олар туған сәтін бас-

тап біздің көз алдымызда», - дейді бір естелігінде. Ел ордасы әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеу жолында өз мақсат-мүддесін орындады. Қазіргі таңда Сарыарқа төсінде қоныс тепкен алып шаһарда әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, пікір алмасды. Тарихи маңызды зор шешімдерді қабылдайды. Көккө умтылған бір тегі, аулым ғимараттары көз тартады.

Астана күні - тәуелсіз ел тарихындағы айрықша мейрам. Өйткені бұл қала - тәуелсіздігіміздің символы, ел дамуының локомотиві және барша қазақстандықтың ортақ мақтанышы. Жиырма жылдың ішінде еңсесін тіктеп, әлемнің алып шаһарларымен иық теңестірген ел ордасының атауы парсы тілінде «киелі орын», «босаға» деген мағынаны білдіреді екен.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ШИРЕК ФИНАЛ ОЙЫНЫ ШАБЫТТАНДЫРА ТҮСТІ

6 шілде күні «Қайсар» футбол клубының ойыншылары мен жаттықтырушылары Татарстан Республикасына барып, Әлем чемпионатындағы Бразилия мен Бельгия құрамалары арасындағы ширек финал ойынын тамашалап қайтты.

Осыдан бір күн бұрын қайсарлықтар Шымкенттің «Ордабасы» командасын 2:1 есебімен жеңген болатын. Ал «Қазан-Арена» алаңында өткен Бразилия мен Бельгия арасындағы матчта бельгиялықтар 2:1 есебімен жеңіске жетті.

Командамыздың көңіл-күйі өте жақсы, «Ордабасымен»

өткен матчта жеңіске жетіп, бүгін әлем чемпионатын көзбен көріп отырмыз. Осыған қолдау көрсеткен аймақ басшысына алғыс білдіреміз. Ойын ерекше әсер қалдырды, біз көп нәрсені көңілге түйдік. Бұл бізді жаңа жетістіктерге шабыттандырады, - деді «Қайсардың» жартылай қорғаушысы Асхат Тағырбергенов.

Бүкіл әлем көз тіккен чемпионаттың жартылай финалына шыққан мықтылар анықталды. Олар Англия, Бельгия, Франция және Хорватия командалары.

Ал қайсарлықтар 14 шілдеде қостанайлық «Тобыл» футбол клубымен болатын матчқа дайындық үстінде



МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ



Достық үйінде Астананың 20 жылдығына орай «Астана - Ұлы дала Елордасы» атты мерекелік шара өтті. Оған облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Л.Төрешова, «Қоғамдық келісім» КММ директоры У.Ибраев, облыстық ҚХА жанындағы ғылыми сарапшылық топ өкілдері, этномәдени бірлестік жетекшілері мен белсенділері қатысты.

Облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ләйла Бегалықызы жиынға қатысушыларды мерейлі мерекемен құттықтады. Осыдан 20 жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаев еліміз үшін маңызы зор стратегиялық идеясын қабылдаған болатын. Бұл идея - Қазақстанға үлкен өзгеріс әкелді. Яғни, Сарыарқа төрінде жаңа қала бой көтеріп, қазақ елінің киелі мекеніне айналуда. Бүгінде қаншама

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

ӘРІПТІК МӘРҮЙІ

Қазақ журналистикасы саласында елу жылға таяу еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз Бейбітбек Бүркітбайұлының есімі аймаққа ғана емес, республика көлемінде де кенінен танымал. Еңбек жолын аудандық газеттен бастаған ол бүгінге дейін республикалық «Заң», «Ана тілі», «Алтын орда», халықаралық «Қазақстан-Zaman» секілді беделді басылмаларда абыройлы қызмет атқарды. Кәсіби журналист ретінде қоғамдағы қайшылықтарды, әлеуметті толғандыратын өзге де өзекті тақырыптарды көтеріп, айқын



көзқарасымен танылды. Сол еңбегіне орай «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті журналисі» атанды. Жуырда қарымды қалам иесі Бейбітбек Бүркітбайұлы «Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі республикалық кеңестің бұйрығымен» «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағын иеленді.

Әріптесімізге әрдайым шығармашылық табыстар тілейміз.

«СБ» ақпарат.



Аймақта суға түсу маусымы басталғалы бері 8 адам суға кеткен. Оның 5-і өткен сенбі-жексенбі күні орын алған. Бүгінде суға кеткендердің 4-ін денесі табыла, біреуі іздері табылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев хабарлады. Брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Саид Молдақараев,

оңтүстік өңірлік аэроұтқыр желдел құтқару жасағының басшысы Бақыт Ембергенов, төтенше жағдайларды жою бөлімінің бастығы Әлімжан Марданов қатысты. Мамандардың айтуынша, күннің ысуы шомылушылар қатарын көбейтіп қана қоймай, қайғылы жағдайдың орын алуына әкеп соқтыруда. Әсіресе, түнгі мезгілде түсетіндер үшін қауіп зор. Ондай жағдайды іздетіру мен бақылау аса қиындық туғызатын көрінеді.

М.ОТАРАЛЫ.

КУБОК «СЫР МЕДИА» КОМАНДАСЫНДА

Жыл сайынғы дәртүрге айналған бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасындағы шағын футболдан жарыс биылғы жылы Астана қаласының - 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығы және Қармақшы ауданының 90 жылдығы мерекесіне орай өткізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты насихаттауды көздеген турнирде аудан әкімі С.Мақашов қатысушыларға сәттілік тіледі. Осымен үшінші мәрте ұйымдастырылған жарысқа республикалық, облыстық БАҚ өкілдерінен барлығы 7 команда қатысты.

Дәстүрлі сайыста үздік ойын өрнегін көрсеткен «Сыр медиа» құрамасы 1-орынды және ауыспалы кубокты еншіледі. Тартысқа толы турнирде Шиелі ауданынан келген «Фокс өңір» командасы 2-орын алса, «Quyzylorda» құрамасы үздік үштікті түйіндеді.

Жақсы өнер көрсеткендер «Үздік шабуылшы», «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы» және «Үздік қақпашы» номинацияларымен марапатталып, жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер аудан әкімінің кубогы мен бағалы сыйлықтарын иеленді.

Н.САРАТҰЛЫ.



ЖАҢА СЕРІКТЕС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР!

«EURASIA GROUP KAZAKHSTAN» ӨЗ ӨНІМДЕРІНІҢ ПОРТФОЛИЯСЫН КЕҢЕЙТЕДІ ЖӘНЕ «VÄDERSTAD» КОМПАНИЯСЫНАН ПРЕМИУМ-КЛАСТЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІН УСЫНАДЫ!

Өнімділігі мен функционалды сапасы жағынан әлемде теңдесі жоқ моделдерді қарсы алыңдар. «Väderstad» техникасы, тіпті, сіз армандай алмайтын өнімдерді алуға мүмкіндік береді. Бұл машиналар Қазақстан нарығында ұсынылған қазіргі техникалармен салыстырғанда өзінің сапасын жоғалтпай-ақ өндірісті екі есеге дейін арттырады.

Біз «Väderstad» өнімінің толық үлгісін ұсынамыз, оның ішінде әлемге аты шыққан және теңдесі жоқ Rapid пневматикалық тұқым сеппіші; «Agritechnica-2017» көрмесінде «Жыл машинасы» номинациясы бойынша алтын медаль иегері Sarrig дискілі тырмасы; мырталып жерге дақылдарды егу жылдамдығы мен сапасы бойынша әлемде рекордты ұстап тұрған дақылмен егетін Tempo тұқым сеппіші.

АУЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ТЕХНИКАЛАРДЫҢ БІРІНЕ ИЕ БОЛЫҢЫЗ.

Eurasia Group **VÄDERSTAD** Where farming starts

Қазақстан, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қазанат көшесі, 1/1, БЦ «Тілеу», 4-қабақ, тел. +7 (7172) 55-47-11, факс +7 (7172) 55-47-13, моб. +7 701 967 28 33, e-mail: info@eurasia.kz

ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Мемлекеттік қызмет органдарының 20 жылдығын ұлықтау аясындағы облыс әкімінің жүлдесіне арналған XXIV дәстүрлі спартакиада аяқталды.

Жарыста 18 командаға топтасқан 1000-ға жуық мемлекеттік және ведомстволар қызметкерлері спорттың 8 түрінен сынға түсті.

Екі топқа бөлініп, жарысқа шыққан командалар даярлығы мен мықтылығын сарапта салды. Нәтижесінде жалпыкомандалық есепте облыстық ішкі істер департаментінің қызметкерлері бас жүлдеге лайық екендіктерін дәлелдеді. Екінші орынды шекара отрядының 2019 әскери бөлімі, үшінші орынды облыстық төтенше жағдайлар департаменті иеленді. Осылайша күшті құрылымдар бірінші топта өзгелерден оза шапты.

Екінші топта қала әкімінің аппараты өзгелерден үздік шықты. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының және статистика департаментінің қызметкерлері



де осалдар қатарынан еместіктерін көрсетті. Спорттың әр түрінен жеңіске жеткендер мен жүлдегер командаларға естелік сыйлықтар, дипломдар табыста, жалпы есепте жеңіске және жүлдеге ие болған командалар ауыспалы кубок, дипломдармен марапатталды.

Салауатты өмір салтын қалыпта-

тыру мақсатында өткен шара, мемлекеттік қызметшілердің спортпен жүйелі түрде айналысатындарын көрсетті. Олар Елбасы Жолдауында көрсетілгендей, бұқаралық спортты одан әрі дамыту, қызметкерлер арасында спортпен тұрақты айналысуды насихаттап келеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».

Кезекші редактор **Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Меншік иесі **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі - тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28471 Тапсырыс №1067

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz